

Арыс қаласы Қожатоғай
ауылдық округі әкімі аппаратының
«Саяжан» балалар балабақшасы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны өндірістік жиналысы

№ 1-хаттамасы

04.09.2017 ж.

Жиналыс төрайымы: Н.Акбердиева
Хатшы: З.Мырзаева
Қатысқан қызметкерлер саны: 20

Күн тәртібі:

1. Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу.
2. Стандарт талаптарына орай топтарды жабдықтау жұмысын жақсарту.
- 3 Топтардың әдістемелік құралдармен жабдыкталуы және жаңа оқу жылына дайындығы

Тыңдалды:

1.Балабақшаның кәсіподақ төрағасы А.Ораз сөз алып, әр қызметкердің еңбекті қорғау нұсқаулықтары мен лауазымдық міндеттері және ішкі тәртіп ережесімен таныстырып өтті. Балабақшада қандай да жағдай болмасын, қызметкерлердің отбасылық жағдайы, денсаулық жағдайларына байланысты қиындық туса балабақша меңгерушісіне хабарлап тұру керектігін айтты.

2. Стандарт талаптарына орай топтарды жабдықтау жұмысын жақсарту.

Балабақшада стандарт
талабын жүзеге асыруда
әдістемелік жұмыстардың
ұйымдастырылуы

- Балаларды азаматтық және патриоттық сезімге тәрбиелеу, өз Отанын Қазақстан Республикасын суюге, мемлекеттік рәміздерімен, ұлттық салт-дәстүрлерін құрметтеу.

- Адамгершілік негіздері мен салауатты өмір салтын қалыптастыру.

- Мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты дамытып тәрбиелеу

- Баланы тиімді тәрбиелеп- оқыту үшін адамгершілік, ақыл-ой, мәдени және дене дамуын қажетті деңгейге жеткізу

- Отбасына бала тәрбиесінде көмек көрсету.

- Мектеп жасына дейінгі балаларды рухани адамгершілікке, патриоттық тұрғыда тәрбиелеу.

- Мектепке дейінгі балалардың ой-кабілеттерін, танымдық сезімдерін, балалардың тілін, сөздік қорларын қалыптастыру.

3. Жарыссөзге әдіскер З.Мырзаева тәрбиешілердің жаңа оқу жылына дайындығы тексердің анықтамасы бойынша талқылау жасады. Екі топ яғни «Балапан» және «Балауса» топтарының тәрбиешілері өз топтарын жаңа оқу жылына сай сай безендіріп өздеренің ұйымдастырылған оқу іс – әрекеттерін мазмұнына сай алғашқы аптаға көрнекіліктерін дайындаған. Меңгеруші тарапынан топты әрі қарай дамыту, күн тәртібін қатаң сақтау, ұйымдастырылатын іс-әрекет мазмұнын жоғары дәрежеде өткізу.

Қаулы етті:

1. Балабақша қызметкерлерін жалпы нұсқаулықтарымен таныстырылсын.
2. Стандарт талаптарына орай топтарды жабдықтау жұмысын жақсарту.
3. Топтардың әдістемелік құралдармен жабдықтауды тәрбиешілерге жүктелсін.

Төрайымы:

Хатшы:



Н.Ақбердиева
З.Мырзаева

Арыс қаласы
Қожатоғай
ауылдық округі әкімі аппаратының
«Саяжан» балалар балабақшасы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны өндірістік жиналысы

№ 2-хаттамасы

08.01.2018 ж.

Жиналыс төрайымы: Н.Ақбердиева
Хатшы: З.Мырзаева
Қатысқан қызметкерлер саны: 20

Күн тәртібі:

1. Дене тәрбиесі бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар.
2. Шынықтыру-сауықтыру жұмыстарының қорытындысы (сабақтар, алдын-алу іс-шаралары, сауықтыру).
3. Медқызметкердің жартыжылдықта жасалынған жұмыстарының нәтижесі туралы.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші Н.Ақбердиева дене тәрбиесі бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарды айтып өтті. Бала туылғаннан бастап, мектепке барғанға дейінгі алғашқы жылдар адам өмірінде өте үлкен маңызға ие. Бұл кезеңде денсаулықтың іргетасы қалыптасады, әр түрлі қабілеттер дами бастайды бастайды, сапалы қасиеттері көрінеді және мінез-құлық ерекшеліктері қалыптасады. Осы жылдарда баланың қалай тәрбиеленуі, оның болашақтағы оқуына, жеке адамзат болып қалыптасуына негіз болады.

Баланы алғашқы жылдары жан-жақты тәрбиелеудің негізгісі дене тәрбиесі болып табылады. Дұрыс дамып келе жатқан бала ылғи да қозғалысқа қабілетті болады. Үш жасқа дейінгі баланың тәуліктік қажеттілігі 6,5 локамация, ал жеті жастағылардікі 16-18 локамация. Қозғалыс ықпалымен жүрек-буын, тыныс алу және жүйке жүйесі қызметі жақсартады, трек-қимыл жүйесі жетіліп зат алмасу реттеледі. Олар бала ағзасының ауруға қарсы әрекетін күшейтіп, қорғаныс күшін реттейді. Бала қимыл арқылы әлемдітаниды, оның психикасы, еркі, дербестігі, үлгерімі, ұйымшылдығы дамиды.

Әсіресе қол саусақтарының қимылы зор мәнге ие, болады. Мидың үлкен жарты шеңбер үлкен жарты шеңбер бөлігінің белсенділігін арттырып, тіл қозғаушы орталықтың дамуын реттейді. Сондықтан бала неғұрлым түрлі қимыл-қозғалыстарды меңгерсе, соғұрлым сезім, қабылдау және де басқа психикалық процестерді дамуын мүмкіндік туғызады.

Мектепке дейінгі мекемелерде 2 айдан 7 жасқа дейінгі балалар қатысады. Анатомио-физиологиялық ерекшеліктеріне, өмір шарттарына, тәрбиесі мен оқу біліміне қарай болып бөлінеді. Олар яслилік және мектепке дейінгі топтар болып бөлінеді. Ясли: нәрестелік жастағы бірінші топ (2 айдан 1 жасқа дейін) және нәрестелік екінші топ (1 жастан 2 жасқа дейін). Мектепке дейінгі: бірінші сәбилік топ (3 жастан 4 жасқа дейін), орташа топ (4 жастан 5 жасқа дейін), жоғары топ (5 жастан 6 жасқа дейін) және мектепке дайындық топ (6 жастан 7 жасқа дейін).

Қимылды дамыту ерекшеліктері. Бала үшін өмірінің алғашқы үш айы бір қалыпты өтеді. Ол ересектерге дыбыстау арқылы ғана жауап береді. Бала күлгенде «өміршендік кешені» деп аталатын қимылды қолдап көтермелеу керек. Бұл баланың барлық бұлшық еттерінің дамуына, ағзаны нығайтуға, жалпы өмір сүруге талпынысын арттырады. Қозғалысты меңгеру құбылысы өте тез өтеді. Бала екі айлығында жылжиды, жеті-сегіз айлығында отырып-тұра алады, ал он-он бір айлығында өз бетінше қимылдау белсенділігін арттыру керек және осы қимылдарды жүйеге түсірген жөн. Мысалы, оны алғашқыда отыруға, тұруға, жүруге үйрету қажет.

Өмірінің екінші кезеңінде баланы жүруге үйретуге баулу керек. Бала алғашқыда сенімсіз қимылдайды. Алайда, екінші жылдың соңында қарай ол бұл қимылдарды толық игеріп, 1-1,3 м. саты, текпешектерге шығып, түсе алады. Рахаттанып доппен ойнайды, әр түрлі беттерден асып өтеді. Сыртқы әр түрлі заттардың ықпалымен қолдың майда шеміршектері дамиды. Ол сөйлеуді, ойлайды, ойнау қызметтерін жетілдіруге септігін тигізеді.

Бала өмірінің үшінші-төртінші жылдарында қимыл тәжірибесі кеңейеді. Үш жасқа қарай допты қағу, лақтыру, бір орында секіру және жүгіру, сияқты гимнастикалық сатыдан өтуге талпынады. Төрт жаста тепе-теңдікті сақтай отырып шанамен сырғанайды, велосипед айдайды.

Бес жасында оның реттегіш үлкен бұлшық еттері қимылды нақты орындайды.

Алтыншы-жетінші жылдарында қимыл дамытуда мәнділік, дәлдік пайда болады. Балалар қимылды дұрыс орындамаса, талдау нәтижесінде өз қатесін түсінеді. Сөйтіп биіктік пен ұзындыққа секіруді, арқанға өрмелеуді, т.б. меңгереді.

Бала тәрбиесінің міндеттері

Бала ағзасының нәзіктігіне, оның бойы мен ағза дамуының теңсіздігіне, біркелкі еместігіне қарай отырып, өмірінің алғашқы жылдары сауықтыру міндеттерін енгізу зор маңызға ие болды.

- 1) Өмірін қорғау, аурумен күрес, шынығу, қоршаған ортаның кері әсерлерінен ағзаның қарсылығын жетілдіру.
- 2) Барлық ағза жүйесінің уақытылы, жүйкелі дамуын, оның қызмет мүмкіндігінің кейеюін, омыртқасы мен табандарының дұрыс пішінінің, жылдамдығын, ептілігін, төзімділігінің дамытуды жүзеге асыруды қамтамасыз ету.

Бала өзгермелі шарттарға, дене жүктемесіне тез икемделеді. Оны игеру, қабылдауы, биіктігі ерекшелендіреді. Сондықтан білім беру міндеттерін шешу аса маңызды.

- 1) Жеке бас және қоғамдық гигиенаны ұстану.
- 2) Өмірге ең қажетті қимылдық қозғалыстарды (жүру, жүгіру, секіру т.б.), сонымен бірге жүзу, шаңғымен жүру, коньки тебу, жүгіру, велосипед тебу сияқты жаттығулардың негізін құрайтын қимылдарды реттеу.

3) Атқарылып жатқан дене жаттығулары жайында алғашқы білім беруді ретте.

Сонымен тәрбиелеу міндеттерін де естен шығармау керек:

1) Рухани-ерікті сапаларын тәрбиелеу /адалдық, шешімге келу, батылдық, табандылық т.б./.

2) Ақыл-ой, адамгершілік, әсемдік еңбекке тәрбиелеуді қамтамасыз ету.

Дене тәрбиесінің мазмұны

Жасына лайықты қимыл – қозғалыс ерекшеліктермен оған деген қажеттілікті ескере отырып, алғашқы жылы дене тәрбиесінің арнайы құралдары қолданады.

Бала дене тәрбиесінде, әсіресе өте жас кезінде күн режимі басты маңызға ие болады. Күн режимін сақтау (жүйелі сергу, ұйқы, тамақ т.б.) баланың ырғақтылығын қамтамасыз етеді, жүйке жүйесін әлсіреуден сақтайды. Күн режимінің тәрбиелік маңызы да зор: белсенділікті, дербестікті, үлгерушілікті арттырады.

Бала даму үшін санитарлық тазалық құрылымының да зор мәнге ие. Тәртіп пен тазалықты ұстану, бөлменің ауасын, жарығын, жылылығын реттеу, дұрыс киіну – дене тәрбиесіндегі ең басты нәрсе.

Бала ағзасын шыңдауда табиғат әсерлері де кеңінен қолданылады, олар: ауа, су және күн. Әр баланың жеке бас ерекшелігіне байланысы шыңдайтын процедураларды жүйелі қабылдау жүйке жүйесін нығайтады, бейімділікті арттырады, аурудың алдын алуға көмектеседі.

Дене жаттығулары барлық жастағыларға ортақ. Нәрестелік жастағы балаларды шынықтыру кешеніне бәсең (аяқты бүгу, жазу, қолды кеудеге қысу, оны қапталдарға жазу), белсенді (отырып тұру, тұлғаны, бүгу т.б.) жатады.

Екі жастан жеті жасқа дейін әр түрлі жаттығулар пайдаланылады: 1) гимнастикалық: жүру мен жүгірудің түрлері, тереңдікке, ұзындыққа биіктікке және қапталдан жүгіріп келіп секіру, би қимылдары; 2) сюжетсіз қозғалыс ойындары (жаяушаға дейін жүгіру) және сюжетті («Аққулар мен қаздар»), спорт ойындарының элементтері (бадминтон, стол теннисі); 3) спорт жаттығулары: велосипедпен жүру, шаңғымен сырғанау, т.б.; 4) қарапайым туризм: жаяу қыдыру.

Нәрестелік жастағы бірінші топтағы балаларға жеке ерекшеліктері арқылы сабақ 12-15 жаттығу мен уқалау (сылау, ысқылау, т.б.) түрлері арқылы өтеді. Бұндай сабақтың ұзақтығы 8-10 мин. Нәрестелік жастағы екінші топтың сабағы екі топқа бөлініп өтіледі: бір жастан бір жарым жасқа дейінгілерге 6 бала қатысады, ал бір жарым жастан екі жасқа дейінгіде 6-10 бала қатысады. Сабақ ұзақтығы 10-15 мин. Әр топқа даму қалпы бірдей балалар жинақталады. Жалпы дамытатын, сабақты бір мезгілде неше бала ойнайтын таяқшалар, шеңберлер қолданады және қимылдың барлық түрі ретімен орындалады. Сабақ тыныс алу мүмкіндігін де қарастырады.

Мектепке дейінгі балалар үшін сабақ түрі әр түрлі (екі жастан жеті жасқа дейін).

Дене тәрбиесі сабақтары – оқу-тәрбие жұмыстарының ең негізгісі түрі болып есептеледі. Сабақтың мақсаты – жаңа қимылды үйрену, бұрынғы өткендерді бекіту, дене сапасын тәрбиелеу. Олар төменгі және орта топтарда 20-25 минуттан аптасында 3 рет, ал мектепке дейінгі топтарда 30-35 минуттан өтіледі. Сабақ үш бөлімнен тұрады: кіріспе, негізгі, қорытынды. Кіріспе бөлімінде жүру, жүгіру, би жаттығулары жасалынады. Негізгі бөлімде негізгі қимылдар мен қозғалыс ойындары сияқты жалпы дамытушы ойындар ойналады. Қорытынды бөлімде бәсең қимылды ойындар немесе қарапайым жүру орындалады.

Таңғы жаттығу – балабақшадағы ең маңызды сауықтыру шараларының бірі. Ол ағзаның белсенділігі мен жұмысқа қабілетін арттыруға арналған. Төменгі топтарда оның ұзақтығы – 5-10 мин. Дайындық тобында 12 – 15 мин. Ол үш бөлімнен тұрады: кіріспе (жүру түрлері), негізгі (негізгі бұлшықет бөлімдерін дамыту жаттығулары), қорытынды (қарапайым жүру).

Дене тәрбиесінің мезеті – тіл дамыту, математикалық сабақтарында зейінді аудару үшін қажетті ақыл-ой жұмысын арттыру қолданады. Ол шаруадан сақтайды, 2-3 жаттығумен 2-3 минут созылады.

Қорғаныс ойындары күнделікті серуен кезінде орындалады. Олар қозғалыс белсенділігін арттырып, көңіл-күйді жақсартады, ерік-жігерді шыңдайды. Балалар жылына 22-25 жаңа ойындармен танысады.

Дене тәрбиесі демалысы айына 1-2 рет төменгі топтарда 20-30 мин, жоғарғы және дайындық топтарыда 45-50 минуттан өтеді. Бұл жерде дене тәрбиесі сабақтарынан айырмасы еркін қимыл қарастырылған, ол үшін көңілді эстафеталар өтеді.

Дене тәрбиесі мерекелері жылына екі рет орта дайындық топтарында өтеді. Оған балалар алдын ала дайындалып, үйренген спорт ойындарын, жаттығуларын, билерін пысықтап. Мерекеде оларды ортаға салады. Ұзақтығы 1-1,3 сағат.

Балалардың дербес қимыл қызметі күннің әр түрлі уақытында жасалады: таңертеңгі асқа дейін, сабақ арасында, күдізгі, кешкі серуенде, түскі ұйқыдан кейін. Ол тәрбиешінің бақылаумен жүзеге асады. Оның түрлері мен ұзақтығы балалардың қабілеті мен қажеттіліктеріне байланысты.

Сабақ әдістемесінің ерекшеліктері.

Дене тәрбиесін оқыту әрбір жастағы топтарға арнайы дайындалған түрде беріледі. Нәрістелік және төменгі топтардағы тапсырмалар баланы қызықтыратындай болуы керек, яғни нәтижесі көрінуі қажет. Бала қызығуын арттыру үшін халық ойындарын қолданған дұрыс. Ортаңғы топта үйрету өзіндік ерекшелікке ие. Балалар үлкен төзімділік көрсетіп, қимылды есте сақтауға тырысады. Сондықтан тәрбиеші тапсырманы аса жақсы түсіндіреді.

Жоғарғы дайындық топтарда тәрбиеші жаттығуды әрдайым орындап, көрсете бермейді. Үйрету өткен сабақпен, салыстыру, талдау, талқылау арқылы түсіндіріледі. Бұл топтарда көбінесе дербес жұмыс істеткен жөн.

Музыкамен өткізілген сабақ оқушы ынта – ықыласын арттырады және баланың темппен ырғақты қабылдауына көмектеседі.

Дене тәрбиесі құзіреттілігі салауатты өмір салтын ұстану ниеті мен қызығушылығының артуына байланысты — қажетті гигиеналық шараларды, күн тәртібін орындау, қимыл-қозғалыс белсенділігін реттеу, қозғалысын жетілдіру сияқты әрекеттерден көрініс береді.

Бес жасар баланың эмоцианалдылығы қуану, ренжу, қанағаттану, өкпелеу сияқты түрлі сезімдік жағдайларын көптеген амал-тәсілдер арқылы білдіру ерекшелігімен сипатталады. Адамгершілік қасиеттерінің біреуді аяу, оның жағдайын түсіну сияқты сезімдері бала бойында қалыптаса бастайды.

Баланың еріктілігі қоғамда қалыптасқан нормалармен, мысалы, бастаған істі аяқтау (конструктор құрастыру, ойыншықтарды жинау, ойын ережелерін есте сақтап, өлеңдер мен ән сөздерін жаттау), өз іс-әрекетін сәйкестендіруден басталады.

Тәрбиеші алдын ала балалардың білім деңгейі мен тәрбие жұмыстарын жоспарлау құжаттарымен мұқият танысады.

1) Әр топтың жылдық сағат кестесі балабақшаның жабдықталуына, жергілікті ауа райына, әр тоқсанда бағдарламаның өтетін бөліміне, спортты түрлеріне бөлінген сағат санына байланысты құрастырылады.

2) Сабақтың жылдық жоспары.

3) Күнтізбелік жоспар.

4) Сабақтың мазмұндама жоспары.

5) Сынақ алу құжаттары.

Жылдық жоспар графигін құру ережесі.

Жылдық жоспар өз кезегімен өтілетін оқу бағдарламасының құжаты әрбір 2-топқа және жас ерекшелігі тең топтарға жүргізіледі. 1-ден оқулықтың мүмкінділігімен сабақ өтілетін жер жағдайына байланысты таңдау жасап, олардың бағдарлама талаптарына сәйкес, сағатын біліп алып, сол оқу жылына бағдарламалық бөлімдерімен өтілетін құжаттан сағаттар саны құрылады. Кейбір жағдайлардың болмауына байланысты дене тәрбие тәрбиешіі балабақшабасшыларымен келісе отырып, бағдарламаның бөлімдеріндегі берілген сағатты өзгертуіне болады. Бағдарламаға байланысты әрбір топқа дене тәрбие мынандай бөлімдерден тұрады:

1) білім негіздері

2) дағды

3) балаларға қойылатын талаптар

4) дағдыны іскерлікті дамыту мақсатында оқу көрсеткіштері (нормативтер).

Білім негіздері төменгідей тақырыптарға топтастырылды:

Дене тәрбие мен спорттың маңызы, дене жаттығуының ағзаға тигізетін әсері, гигиена талаптары, сабақта тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау, дене жаттығуын өз бетінше істей алу және жолдастарына жүргізе білу. Бастауыш топтарда, гимнастика, қозғалмалы ойындар, ұлттық ойындар және жеңіл атлетика сабағының ең қарапайым түрлері қолданылады.

2. Шынықтыру-сауықтыру жұмыстарының қорытындысы (сабақтар, алдын-алу іс-шаралары, сауықтыру).

Ұйқыдан кейінгі шынықтыру шаралар

Мақсаты: Баланың денсаулығын сақтау және нығайту, Ұйқы ашар жаттығуларын жасауға қызығушылығын арттыру, қимылдық іскерліктерін жақсартуға тырысу, оларды дұрыс және дәл орындай білуге үйрету. Балалардың жалпы физиялогиялық жетілуін жақсарту қимыл қозғалыс арқылы биологиялық қажеттілігін қанағаттандыру, жағымды эмоцияналды көңіл күй ортасын жасау.

Жинақылыққа тәрбиелеп, ынталы іскерлігін арттыру, достық қарым қатынасын қолдау

Балалар ұйқыдан оянады:

1) Жалпы денеге арналған жаттығу-балалардың денсаулығын нығайтып, дене, қолдың

саусақтарын ашып-жұму бітімін жақсы қалыптастырады.

Ұйқымызды ашайық

Қолымызды созайық

Табанды шынықтыру массажы:

Табанға массаж-өте тиімді пайдалы денені шынықтырудың түрі.

3. Медқызметкердің жартыжылдықта жасалынған жұмыстарының нәтижесі туралы.

– ҚР Мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарты;

Мектепке дейінгі ұйымның ұйымдастырудың мақсаты- мектепке дейінгі жастағы балалардың жан-жақты дамуы және олардың ата-аналарынан кеңестік-әдістемелік қолдау;

Балабақшаның негізгі міндеттері:

1. Балалардың денсаулығын қорғау;
2. Балаларды ерте жастан әлеуметтендіруді қамтамасыз ету
3. Әр баланың жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін есепке ала отырып, балалардың ақыл- ой, адамгершілік, дене бітімі, эстетикалық, эмоциялық, танымдық қабілеттерін дамыту.
4. Балаларды күтуді, қарауды ұйымдастыру.

Балабақшада 2- топ жұмыс істейді.

Сағат 8.00 дан 18.00 ге дейін . Барлығы 50 бала тәрбиеленуде.

Балабақшада 3-4 жас аралығында дамытушы орталық негізінде құрылды.

Балабақшада аптасына 5 күн, сағат 8- 00-нан-18.00 ге дейін жұмыс істейді.

Балабақшада Мемлекеттік стандартқа сәйкес жаңа жиназдармен, ойыншықтармен, техникалық жабдықтармен, бұйымдармен жабдықталған. Күн тәртібі тәрбиеленушілердің психологиялық және жас ерекшелігін ескере отырып құрастырылған. Сабақ оқыту, 3 мезгіл тамақтандыру, қыдыру, ойнату- балалардың жақсы дамуына әсер етеді.

Топтарда табиғат бұрышы, көркемдік- эстетикалық, ойлау, сөйлеу орталықтары безендірілген. Тәрбиелеушілер топтарда жайлы жағдай жасауға тырысады.

Тәрбиелеушілер өз жұмыстарында «Зерек бала » бағдарламасына басшылық етеді.

Оқу жылының басында балабақшаның жылдық жұмыс жоспары құрылды. Онда педагогтардың педагогикалық шеберліктерін жоғарылатуға бағытталған мерекелік іс-шаралар, ашық сабақтар, кеңестер, педагогикалық кеңестер жазылған.

Оқыту процесінде тәрбиелеушілер балаларды еңбекте адал қарым -қатынасын, еңбек етуге даяр болуы, еңбек ету қажеттілігін түсінуге, еңбек адамын құрмет етуге тәрбиелейді.

Әсемдікті барынша сезіне білуді, шын көріктілікті жасандылықтан ажырта білуді, музыкаға, өнерге ынтасын үнемі жетілдіруге талпынысын, құштарлығын, табиғатты сүйуге тәрбиелейді. Денсаулығы мықты және дене құрлысы жақсы дамыған, дене шынықтырумен үнемі шұғылданатын адамды тәрбиелеу.

Табиғатты қорғау, оның байлығын көздің қарашығындай сақтау, адам өмірінің

бастауы-жер, су, ауа, аң, өсімдіктерді бағалау, қастерлеу, сақтау рухында тәрбиелейді. Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Тәрбиеші төмендегі көрсетілген міндеттері бойынша жұмыс істейді:

1. Баланың денсаулығы мен психологиялық жағдайын жасау.
2. Танымдық қабілетін дамыту.
3. Шығармашылық қабілетін дамыту.
4. Шығармашылық қиялын дамыту.
5. Коммуникативті дағдыларын дамыту.

Оқу жылының басында балабақшада жылдық жұмыс жоспары құрылды. Онда педагогтардың педагогикалық шеберліктерін жоғарылатуға бағытталған мерекелік іс-шаралар, кеңестер, педагогикалық кеңестер жазылған.

Қазақстанның болашақ азаматтары күшті, мықты болып өсу керек. Тәрбиелеушілер күнде таңертеңгілік дене шынықтыратын жаттығулар, мерекелер өткізеді. Күн сайынғы таңертеңгілік жаттығулар, ойындар балалардың денсаулықтарын күшейтеді, шынықтырады.

Мектепке дейінгі жастағылар үшін жетекші-ойын қызметі болып табылады. Балалар ойын ойнаған кезде (тәрбиелеушілердің басшылығымен) білімдерін бекітеді. Балабақша психологы сөйлеуі қиын балалармен түзету (коррекциялық) жұмысын жүргізеді. Педагогикалық процесте ата-аналармен тығыз байланыста болу керек. Ата-аналармен жұмыс бойынша жоспарлар құрылған, ата-аналар жиналысы өткізілді. Оқу жылының соңында балабақшада барлық топтарының ата-аналарына жиналыс өткізу жоспарлануда, жазғы сауықтыру кезеңіне мерекелік іс-шаралардың жоспары құрылған.

Қаулы етті:

1. Дене тәрбиесінде жүргізіліп жатқан жұмыстарды одан әрі дамыту тәрбиешілерге жүктелсін.
2. Шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын жүргізк медбике А.Сарсенбаеваға жүктелсін.

Менгеруші:
Хатшы:



Н.Акбердиева
З.Мырзаева

Өндірістік жиналыстың хаттамасы

№3

Өткізілген уақыты: 11 қаңтар 2018 ж.

Жиналысқа қатысқандар: 23 адам

Тәрбиешілер,

орыс тілі мұғалімі,

шаруашылық меңгерушісі.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауын талқылау.

Балабақша меңгерушісі: Н.Ә.Акбердиева

Хаттама №4:

Сөз сөйлегендер:

2. Балабақша меңгерушісі Н.Ә.Акбердиева :

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауында Тәуелсіз еліміздің одан әрі дамыту жолында оң бағыт бойынша кешенді міндеттерді жүзеге асыруың қажеттігіне тоқталды Жолдауда елдегі саяси, экономикалық әрі әлеуметтік жағдай, халықтың әл – қуатының артуы, ел бюджетінің әлеуметтік бағыт- бағдары, саяси тұрақтылық жағдайларын талдап, болашаққа жол сілтеді.

Балабақша қызметкері ретінде балаларға тәрбие беру мәселесіне, соның ішінде ұлтжандылық, ұлтаралық келісім, заңды құрметтеу мәселелеріне ерекше көңіл бөліп, осы бағыттағы қарқынды жұмысымызды одан әрі жетілдіру қажеттігін түсіндік.

Бір ғұлама: «Ұлт күшті болу үшін адамдар бірдей ойлап, бірдей түсініп, бірдей сезінуі қажет және ортақ құндылығы болуы тиіс» деген екен, ал біздің жоғары деңгейде дамып, өркендеуімізге қажетті алғы шарттар Елбасының осы жылғы Жолдауында толық көрініс тапқан. Елбасы барша халыққа айқын да нақты тапсырмалар жүктеді.

Еліміздің тәуелсіздігін нығайту жолында жасалып жатқан барлық шаралар мемлекеттің нығаюы, халықтың әл-ауқатының артуы үшін жасалуда.

Жаңа кезеңдегі әлеуметтік саясаттың маңызды құрамдас бөлігінің бірінде ана мен баланы қорғау жарияланған. Жолдаудың осы бөліміне тоқталу керек деген ойдамын. (тіркелді).

Еліміздің болашақта қандай болатыны балаларымыздың бойына өзіміз қандай тәрбиені сіңіретінімізге тікелей байланысты. ...

Елбасымыздың халыққа Жолдауын басшылыққа ала отырып, алға қойған мақсаттарымызға жету үшін еліміздің әрбір азаматы аянбай еңбек етуге тиіс деп есептеймін.

2.Балабақша әдіскері 3.Мырзаева :

Жыл сайын Елбасы Жолдауында білім саласына ерекше маңыз береді.

Биыл елдегі білім беру мекемелерінің алдыңғы қатарлы оқу орындарының қатарынан көрінуіне ерекше екпін берді.Бұл бағытта бірқатар кешенді шаралар жүзеге асырылуда.

2019 жылдың 1 қыркүйегіне қарай мектепке дейінгі білім беру ісінде балалардың ерте дамуы үшін өз бетінше оқу машығы мен әлеуметтік дағдысын дамытатын бағдарламалардың біріңғай стандарттарын енгізу қажет екенін айтып өтті.

Жолдауда ерекше маңыз берілген тағы бір мәселе – мұғалімдердің біліктілігін арттыру. Тәрбиешілердің кәсіби біліктілігін арттыру жұмыстарында технологиялар мен жаңа белсенді оқыту әдістерін қолдану тиімді нәтиже береді. Оларға: іскерлік ойындар, тақырыптық пікір сайыстар, педагогикалық жағдаяттарды талдау, диспуттар, тренинг-семинарлар, дәрістер, шығармашылық ойлауды қамтамасыз ететін этюдтер, шеберлік сынып. т.б. жатады. Кәсіби біліктілік ұғымынан педагог маманның мынадай қасиеттерін тануға болады: кәсіби әрекетті

біршама жоғары деңгейде игеру, кәсіби серпіліс, келешектен өзінің кәсіби қозғалысын жобалау шеберлігі, кәсіби қарым-қатынас орнату мүмкіншілігі, өз еңбегінің нәтижесіне кәсіби жауапкершілік арту қабеті.

3. Тәрбиеші С.Жадигерова: Жылда Елбасы жолдауын асыға күтіп жүреміз, әр жолдаудың өз жаңалығы бар. Биылғысы да жаңалыққа толы болды.

Біз әлем елдерінің сенімі мен құрметіне бөленіп, брендке айналған тәуелсіз Қазақстанды құрдық.

2017 жылы біздің ел БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болды.

2018 жылдың қаңтар айында оған төрағалық етудеміз.

Біз дүниежүзілік ЭКСПО мамандандырылған көрмесін өткізу үшін әлемдік қоғамдастық таңдап алған ТМД және Шығыс Еуропа елдері арасындағы бірінші мемлекет бодық.

Қазақстанда табысты жұмыс істеп келе жатқан нарықтық экономика моделі қалыптасты. Жыл қорытындысы бойынша ішкі жалпы өнімнің өсуі 4 процент болып, ал өнеркәсіптік өнімнің өсуі 7 проценттен асты.

Бұл орайда, өнеркәсіптің жалпы көлемінде өңдеуші сектордың үлесі 40 проценттен асып түсті.

Қазақстанның қолайлы дамуы орта таптың қалыптасуына мүмкіндік берді.

Кедейшілік 13 есе қысқарып, жұмыссыздық деңгейі 4,9 процентке дейін төмендеді.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық табыстарының негізі – біздің басты құндылықтарымыз ретінде қала беретін азаматтық бейбітшілік, ұлтаралық және конфессияаралық келісім.

Дегенмен, Қазақстанның жетістіктері сенімді тірек саналады, бірақ ол ертеңгі табыстарымыздың кепілі емес екенін жақсы сезінуіміз керек.

«Көл-көсір мұнайдың» дәуірі аяқталып келеді. Елімізге дамудың жаңа сапасы қажет.

Жаһандық трендтер көрсетіп отырғандай, ол, бірінші кезекте, Төртінші өнеркәсіптік революция элементтерін кеңінен енгізуге негізделуі тиіс.

Мұның өзіндік сын-қатерлері де, мүмкіндіктері де бар.

Жаңа әлем көшбасшыларының қатарына қосылу үшін Қазақстанда қажетті нәрсенің бәрі бар екеніне сенімдімін.

4. Кәсіподақ төрайымы А.Ораз: 2018-2019 жылдардағы дағдарыста негізгі тұрақтандырушы факторлардың бірі болды.

Сол себепті жоғары еңбек өнімділігі бар қайта өңдеу секторына деген бағдарымыз өзгерген жоқ.

Сонымен қатар индустрияландыру 4.0 жаңа технологиялық қалыптың барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, мейлінше инновациялық сипатқа ие болуға тиіс.

Кәсіпорындарымызды жаңғыртуға және цифрландыруға бағытталған, өнімнің экспортқа шығуын көздейтін жаңа құралдарды әзірлеп, сыннан өткізу қажет.

Бұлар, бірінші кезекте, технологиялардың трансфертін ынталандыруға тиіс.

Еліміздің бірнеше өнеркәсіптік кәсіпорнын цифрландыру жөніндегі пилоттық жобаны іске асырып, бұл тәжірибені кеңінен тарату керек.

Цифрлық және басқа да инновациялық шешімдерді әзірлеушілердің өз экожүйесін дамытуы аса маңызды мәселеге айналып келеді.

Ол біздің Назарбаев Университеті, «Астана» халықаралық қаржы орталығы, IT-стартаптардың халықаралық технопаркі сияқты инновациялық орталықтардың төңірегінде қалыптасуға тиіс.

«Алатау» инновациялық технологиялар паркінің қызметін ұйымдастыруды түбегейлі қайта қарау қажет.

Нақты сектордың жаңа технологияларға деген сұранысты ынталандыруы және венчурлық қаржыландырудың жеке нарығының қызметі инновациялық экожүйе жетістіктерінің негізгі факторлары болып саналады.

Бұл үшін тиісті заңнама қажет.

Бұдан бөлек, IT және инжинирингтік қызмет көрсетуді дамыту ерекше маңызға ие болып отыр.

Экономиканы цифрландыру табыс әкелгенімен, жұмыс күшінің көптеп босап қалу қаупін де тудырады.

Босайтын жұмыс күшін еңбекпен қамту үшін келісілген саясатты алдын ала тиянақтау керек.

Білім беру жүйесін, коммуникация мен стандарттау салаларын жаңа индустрияландыру талаптарына бейімдеу қажет болады.

2018 жылы «цифрлық дәуір» өнеркәсібін қалыптастыруға арналған индустрияландырудың үшінші бесжылдығын әзірлеуге кірісу керек.

5. Медбике Г.Оразова: «Баршаға тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасын жүзеге асыруды жалғастыру қажет.

Мемлекет жастарға алғашқы мамандықты береді.

Үкімет бұл міндетті орындауға тиіс.

Орта мектеп пен колледждер және жоғары оқу орындары үздік оқытушыларының видеосабақтары мен видеолекцияларын Интернетте орналастыру керек.

Бұл барлық қазақстандықтарға, оның ішінде шалғайдағы елді мекен тұрғындарына озық білім мен құзыреттілікке қол жеткізуге жол ашады

Жиналыстың шешімі:

3. 2025 жылға дейін білім берудің барлық деңгейінде латын әліпбиіне көшудің нақты кестесін жасау қажет.

Жауаптылар: Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер.

«Рухани жаңғырудың» мән-маңызы да нақ осында.

Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеалына айналуға тиіс.

Мерзімі: (үздіксіз, жыл бойы).

Жауаптылар: Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер мен медбике және мамандар, ата-аналар.



Жиналыс төрайымы:

Хатшы:

[Handwritten signature]

Н.Акбердиева.

З.Мырзаева

Оңтүстік Қазақстан облысы

Арыс қаласы

«Қожатоғай ауыл округ әкімі аппараты»

«Саяжан» балалар бақшасы

мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Өндірістік жиналыстың хаттамасы

Хаттама №4

Өткізілген уақыты: 22 қаңтар 2018 ж.

Жиналысқа қатысқандар: 24

Қатыспағандар : жок

Педагогтар – 6, Медбике – 1,

есепші -1, Шаруа меңгерушісі – 1,

Кіші қызметкерлер-15.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Арыс қаласының «Білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, ОҚО білім басқармасы басшысы міндетін атқарушы Н.Изтилеуовтың 18.01.2018 жылғы №01/230 хатымен жолданған ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауының тоғызыншы тармағына орындау мақсатында «Жемқорлықпен күрес және заңның үстемділігі» тақырыбын түсіндіру.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Н.Акбердиева Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» туралы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410 Заңының талаптарын жиналысқа қатысушыларға жан-жақты түсіндірді. Осы заңда қамтылған кейбір ұғымдарға түсіндірме жасады. Олар:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл:

- 1) заңдылық;

2) адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы;

3) жариялылық пен ашықтық;

4) мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимыл жасауы;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану;

6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды көтермелеу;

8) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатына қол жеткізу мынадай:

1) қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту;

5) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асырылады. Балабақша қызметкерлері осы ұғымдарды жетік меңгеру қажеттігін ескертті. Бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру тұғаның адамгершілік, зияткерлік, мәдени тұрғыдан дамуы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамауда, белсенді адамзаттық ұстанамын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын, тәрбиелеу тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз процесі екендігін айтып түсіндірді. Келесі сөз алған балабақша әдіскері З.Мырзаева күн тәртібіндегі мәселе бойынша түсінікті болғандығын, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңы талаптарын қатаң сақтайтынын білдірді. Бұл пікірді жиналысқа қатысқан балабақша қызметкерлері қолдап, өздерінің қол қоюлары арқылы растайтындығын мақұлдады.

Қосымша: Балабақша қызметкерлерінің қол қойып растағандығы туралы тізім.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



[Handwritten signature]

Н.Акбердиева.

З.Мырзаева

**Арыс қаласы «Қожатоғай ауылдық округ әкімшілік аппараты»
мемлекеттік мекемесі
«Саяжан» балалар бақшасының қызметкерлері**

№	Аты-жөні	Туылған күн, айы, жылы	Қызметі	ЖСН	Мекен-жайы, сымтетігі	Қолы
1	Мырзаева Зухра Пазылхановна	17.10.1987ж	Әдіскер-мінезгер	871 017 402 098	Есқожаев көшесі №14 87056911245	
2	Жадигерова Сауле Каримонва	17.11.1973ж	тәрбиеші	731 117 401 739	Жүсіпқожа көшесі № 1 87052706210	
3	Асылханова Ұлжан Тұрсынханқызы	28.10.1986	Тәрбиеші	851 028 401 046	Түйеқожа көшесі 87029587165	
4	Ораз Алмагүл Әбиболлақызы	12.04.1977ж	Тәрбиеші	7704124035 35	Есқожаев көшесі	
5	Исламбекова Тәттіқыз Алмасханқызы	08.01.1990ж	тәрбиеші	9001084003 59	Исабекқожа көшесі 87719735706	
6	Оразова Гулбаршын Наурызбайқызы	14.12.1979	Медбике	7912144021 10	Исабекқожа көшесі 87053464949	
7	Мейірбекова Айнагүл Заріпбековна	15.12.1959ж	Шаруа меңгерушісі	5912154027 59	Нәлібаев көшесі 87055263496	
8	Иманбекова Гулжан Қыдырбайқызы	01.01.1976ж	аспазшы	7601084017 02	Досымбеков көшесі 87056915043	
9	Ағабекова Сұлухан Асілбекқызы	02.11.1964ж	Аспазшы	641 102 401 202	Исабекқожа көшесі 87056922499	
10	Артық Айгүл Бердіқұлқызы	11.04.1975ж	Бала күтуші	750 411 402 756	Қойбағаров көшесі 87056641189	
1	Сағатова Назым	05.09.1977ж	Тәрбиеші	7109054026	Исабекқожа	

1	Балабековна	1ж	көмекшісі	55	көшесі 87788727371	
1 2	Жұман Қалима Мәлікқызы	06.03.198 0ж	Еден жуушы	8003064014 21	Қойбағаров көшесі 87711461929	<i>жыл</i>
1 3	Кекілбекова Раушан Мырқайдарқызы	27.04.197 7ж	Кір жуушы	770 427 402 162	Бредихин көшесі 87052552014	<i>көп</i>
1 4	Тіллаев Алайдар Аліханұлы	11.07.197 3ж	Түнгі қарауыл	730 111 301 614	Майлықожа көшесі 87713861249	<i>түс</i>
1 5	Асылханова Айғаным Тұрысханқызы	03.11.197 5ж	Күндізгі қарауыл	751 103 401 329	Нәлібаев көшесі 87781234037	<i>Ал</i>
1 6	Сырманова Гулмира Орынбековна	12.07.197 3	Аула сыпырушы	7307124013 04	Майлықожа көшесі 87054390780	<i>сәт</i>
1 7	Жүзімбеков Марғұлан Елемесұлы	09.10.198 5ж	Жұмысшы	851 009 301 026	Досымбеков көшесі 87054394389	<i>жыл</i>
1 8	Тіллаева Нурила Аліханқызы	25.01.196 3ж	Костельян ша	630 125 402 995	Майлықожа көшесі	<i>түс</i>
1 9	Айтқожаев Әбдімүтәліп Қалдарқожаұлы	01.09.198 8ж	Қарауыл	8809013012 66	Досымбеков көшесі 87757263838	<i>Айтқо</i>
2 0	Джумадтллаева Гулжамал Калдыбаевна	01.01.199 0ж	Орыс тілі мұғаламі	9001014008 86	Есқожаев көшесі	<i>Джума</i>
2 1	Абдули Ахмад Валерьевич	20.09.197 9ж	Қарауыл	7909203014 09	Досымбеков көшесі	<i>Абд</i>
2 2	Жұбатов Бабырхан Сатылханұлы	08.09.198 9ж	есепші	8908093028 10	Құттыбеков көшесі	<i>жыл</i>
2 3	Сейдазимов Мадияр Куандыкович	28.01.198 3ж	От жағушы	8301283005 14	Нәлібаев көшесі	<i>Сей</i>
2 4	Уалиханов Бахтияр Шамшидинович	29.09.197 3	От жағушы	7309293016 55	Түймеқожа көшесі	<i>Уали</i>

«Саяжан» балалар бақшасының
менгерушісі:



Handwritten signature in blue ink.

Н.Ақбердиева

Арыс қаласы Қожатоғай ауылдық
округі әкімі аппаратының
«Саяжан» балалар балабақшасы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны жиналысының

19.02.2018ж

№ 5 -хаттамасы

Жиналыс төрайымы: Н.А.Ақбердиева
Хатшы: З.П.Мырзаева
Қатысқан қызметкерлер тізімі:

Күн тәртібі:

1. Топтардың әдістемелік құралдармен жабдықталуы.
 2. Тәрбиешілердің сабақтарға дайындығы.
- Ертеңгілік жаттығуға дайындығы, өткізілуі мен тиімділігі.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші Н.Ақбердиева топтардың әдістемелік құралдармен жабдықтау жайлы айтып өтті. Жалпы біздің топтар басқа балабақшаға қарағанда әдістемелік құралдар жеткілікті. Баланы қазіргі заман талабына сай дамыту үшін одан әрі жетілдіре түскеніміз абзал. Тәрбиешілердің ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне және де ашық ұйымдастырылған оқу іс – әрекетін де өту барысында баланы жан-жақты дамыта алды, және де жас ерекшелігіне сай таңдалынып алынған.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер З.Мырзаева сөз алып мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі тұрақты өзгеріп отырған әлемде табысты бейнелеуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасайтындығын айтты. Уақытында алынған мектепке дейінгі білімнің әр бала үшін де еліміздің әл ауқаты үшін өмірлік маңызы зор. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту ұлттық даму стратегиясымен үздіксіз байланыста екендігі және де мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылатындығын ескере айтты. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мақсатында ертеңгілік жаттығу күн тәртібі бойынша өткізілді.

Қаулы етті:

1.Топтардың әдістемелік құралдармен жабдықтау және де тәрбиешілердің сабақтарға дайындығын дамыту, ертеңгілік жаттығуға дайындығы, өткізілуін әдіскер З.Мырзаеваға жүктелсін.

Жиналыс төрайымы:
Орындаған:



Н.Акбердиева
З.Мырзаева

Арыс қаласы Қожатоғай
ауылдық округі әкімі аппаратының
«Саяжан» балалар балабақшасы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны өндірістік жиналысы

№ 6-хаттамасы

17.04.2018 ж.

Жиналыс төрайымы: Н.Акбердиева
Хатшы: З.Мырзаева
Қатысқан қызметкерлер саны: 20

Күн тәртібі:

1. Барлық топ тәрбиешілерінің ойын-сауықтарды өткізу барысы жөнінде.
2. Ата-аналараға арналған ақпараттық-көрнекілік көрмесі (ашылмалы папкалар т.б.) салауатты өмір салтын насихаттау барысы туралы.
3. Топтардың әдістемелік құралдармен жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша меңгеруші Н.Акбердиева сөз алып, тәрбиешілердің ойын-сауықтарды өткізілуі жайлы айтып өтті. Сауықтыру шараларының жоспары оқу жылының басында бекітіліп сол жоспар бойынша жұмыс жасалуда. Онда қызықты ойындар, спорттық ойын-сауық, эстафеталық жарыстар, спорттық кештер кіріктірілген.
Балабақшада ойын арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту жолы
Баяндама: "Балабақшада ойын арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту жолы"

Егеменді еліміздің талабына сай мемлекеттік тілді меңгеру, оқыту, қазіргі заманға сай білімді де, тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу педагогтар еншісінде. Мектепке дейінгі балаларға тәрбие мен білім беру жұмыстарын ұйымдастыруда олардың сөйлеу, тілін дамыту, байланыстырып сөйлеу мәдениетін жетілдіруге, құрастыра сөйлеуге, сөздік қорының молаюына баса көңіл бөлген жөн. Сәбилердің дүниетанымын кеңейтіп, ойын өрістетіп, тіл байлығын жетілдіруде көркем әдебиеттің алатын орны ерекше. Балабақшада балаларды дұрыс сөйлей білу мәдениетіне айнала қоршаған ортамен, сондай-ақ көркем әдебиетпен теңестіру арқылы жүзеге асыруға болады. Әрбір ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде дидактикалық ойындарды қолдану арқылы балалардың қиялын шарықтатып, ойлау қабілетін ұштауға болады.

Балабақшадағы тәрбиелеу-оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген.

Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі- тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептеледі.

Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту ісінде тәрбиешінің:

- балалардың сөздік қорларын дамыту;
- жаңа сөздерді меңгерту;
- үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру басты міндет саналады.

Осы аталған міндеттерді тәрбиеші үнемі сөздік жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын – баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, тандап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады.

Сөздік қорды дамыту ісін ұйымдастыру жұмысында ойын сабағы ең негізгі орын алады. Тәрбиеші бақылау, заттарды қарау, сурет қарау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын-сабақтарын ұйымдастыру барысында балалардың сөздік қорларын дамытады.

Арнайы ойын-сабақ және сабақ мазмұнына қарай танымдық, дамытушы ойындарды, тапсырмаларды қолдану, балаларды заттарды бір-бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді. Ойын ұйымдастыруда тәрбиеші өзі жетекші бола отырып, балаларды ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып, ойлануға бағыттады, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады.

Сонымен қатар ойын барысында бала үлкендермен, өз құрбыларымен қарым-қатынас жасайды. Әр бала өз жетістігіне қуанып, мәз болады. Сондықтан да ойын-тапсырмаларды тандауда және іріктеуде балалардың жас және жеке ерекшелігін ескерген жөн.

Тәрбиеші балалармен ойынды (заттармен, үстел үсті және сөздік ойын) үш түрлі етіп өткізуіне болады.

Заттармен ойналатын ойын ойыншықтарды, табиғи заттарды қолдану арқылы өтіледі. Мысалы: «Дәл осындайды тауып ал», «Салыстыр да, атын ата», «Қай ағаштың жапырағы», «Бірдей ойыншықты тап», «Қайсысы көп, қайсысы аз», т.б.

Үстел үсті ойынын ұйымдастыруда домино, лото, суреттер қолданылады. Мысалы: «Суретті құрастыр», «Қандай затқа ұқсайды?», «Қай сурет тығылды?», «Бір сөзбен ата», «Кім байқағыш», «Қиылған суреттер», «Ұқсасын тап», «4-ші не артық?», «Есінде сақта».

Ал сөздік ойын арқылы сөзді орынды қолдана білуге, дұрыс жауап айтуға, сөз

мағынасын түсінуге, орынды сөйлеуге үйренеді. Мысалы: «Сөз ойла», «Сөз құра», «Жұмбақ ойла», «Жаксы-жаман», «Жалғастыр», «Үш сөз ата».

Сонымен қатар балалардың сөздік қорларын дамыту жұмысына ойындарды қолданумен қатар, «Пішіндер көрмесі», «Өрнекті есінде сақта», «Қиын жолдар», «Суретті жалғастыр», «Биші адамдар», «Көңілді таяқшалар» тәрізді жаттығу тапсырмаларды да пайдаланып отыру өз нәтижесін берді. Бұл аталған жаттығу, тапсырмалар балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін және саусак бұлшық етін дамытады.

Жалпы ойынды ұйымдастыру ойынды өткізуге әзірлік, ойынды өткізу, ойынды талдау сияқты үш бағытты қамтиды. Ойынға қажетті құрал, заттарды даярлау ойынды өткізуге әзірлік болып табылады.

Балаларды ойынның мазмұнымен таныстыру ойынды өткізу болып табылады. Ойынды талдау, бұл ойынның өз мақсатына жетуі, балалардың белсенділігі және олардың іс-әрекеті болып табылады.

Сонымен балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді.

2. Екінші мәселе бойынша әдіскер З.Мырзаева ата-аналарға арналған ашылмалы папкалар салауатты өмір салтын насихаттау барысы туралы айтты. Салауатты өмір сүруге тәрбиелеу- еліміздің ертеңін ойлау. Биылғы Қ.Р Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік –экономикалық жаңғырту- Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы өмірдің барлық саласын қамтыды. Соның ішінде тоқтала кететін жайт, мемлекетімізді басты байлығы – адам капиталының сапалы өсуі мәселесі. Сапа дегенде тек қана адамның білімі, тәрбиесі ғана емес, оның денсаулығы да қарастырылғандығы айқын. Дені сау азамат өз Отанын көркейту, дамыту және байыту үшін, алған сапалы білімі мен тәрбиесін пайдалана отырып, нәтижелі еңбек етеді. Адамзат тарихынан білетініміз қай елдің болмасын даму көрсеткіші халқының денсаулығы, білімі мен руханияты арқылы білінетіндігі. Сондықтан әр ата-ана, мұғалім, тәрбиешінің алдында балалардың білім алуының сапасын көтеріп қана қоймай, оның өз денсаулығын сақтауын әрқашан назардан тыс қалдырмау міндеті тұр. Дені мен рухы сау азаматты тәрбиелеп, өсіруде біз ақпарат жетіспеушілігін сезінбеуіміз керек және ол ақпарат барынша нақты, сапалы, шынайы болған жөн.
3. Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші А.Ораз сөйледі. Екі топ яғни «Балапан» және «Балауса» топтарының тәрбиешілері өз топтарын жаңа оқу жылына сай сай безендіріп өздеренің ұйымдастырылған оқу іс – әрекеттерін мазмұнына сай алғашқы аптаға көрнекіліктерін дайындаған. Меңгеруші тарапынан топты әрі қарай дамыту, күн тәртібін қатаң сақтау, ұйымдастырылатын іс-әрекет мазмұнын жоғары дәрежеде өткізу.

Қаулы етті:

1. Барлық топ тәрбиешілеріне ойын-сауықтарды уақытылы өткізсін.
2. Ата-аналараға арналған салауатты өмір салтын насихаттау тәрбиешілерге жүктелсін.
3. Топтардың әдістемелік құралдармен жабдықталу тәрбиешілерге жүктелсін.



Менгеруші:
Хатшы:

Success

Н.Акбердиева
З.Мырзаева

Арыс қаласы Қожатоғай
ауылдық округі әкімі аппаратының
«Саяжан» балалар балабақшасы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны өндірістік жиналысы

№ 1-хаттамасы

04.09.2018 ж.

Жиналыс төрайымы: Н.Ақбердиева

Қатысқан қызметкерлер саны: 20

Күн тәртібі:

1. Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу.
2. Стандарт талаптарына орай топтарды жабдықтау жұмысын жақсарту.
3. Топтардың әдістемелік құралдармен жабдыкталуы және жаңа оқу жылына дайындығы

Тыңдалды:

1. Балабақшаның кәсіподақ төрағасы А.Ораз сөз алып, әр қызметкердің еңбекті қорғау нұсқаулықтары мен лауазымдық міндеттері және ішкі тәртіп ережесімен таныстырып өтті. Балабақшада қандай да жағдай болмасын, қызметкерлердің отбасылық жағдайы, денсаулық жағдайларына байланысты қиындық туса балабақша меңгерушісіне хабарлап тұру керектігін айтты.
2. Стандарт талаптарына орай топтарды жабдықтау жұмысын жақсарту.
Балабақшада стандарт талабын жүзеге асыруда әдістемелік жұмыстардың ұйымдастырылуы
 - Балаларды азаматтық және патриоттық сезімге тәрбиелеу, өз Отанын Қазақстан Республикасын сүйге, мемлекеттік рәміздерімен, ұлттық салт-дәстүрлерін құрметтеу.
 - Адамгершілік негіздері мен салауатты өмір салтын қалыптастыру.
 - Мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты дамытып тәрбиелеу
 - Баланы тиімді тәрбиелеп- оқыту үшін адамгершілік, ақыл-ой, мәдени және дене дамуын қажетті деңгейге жеткізу
 - Отбасына бала тәрбиесінде көмек көрсету.
 - Мектеп жасына дейінгі балаларды рухани адамгершілікке, патриоттық тұрғыда тәрбиелеу.
 - Мектепке дейінгі балалардың ой-қабілеттерін, танымдық сезімдерін, балалардың тілін, сөздік қорларын қалыптастыру.

3. Жарыссөзге меңгеруші Н.Акбердиева тәрбиешілердің жаңа оқу жылына дайындығы тексердің анықтамасы бойынша талқылау жасады. Екі топ яғни «Балапан» және «Балауса» топтарының тәрбиешілері өз топтарын жаңа оқу жылына сай сай безендіріп өздеренің ұйымдастырылған оқу іс – әрекеттерін мазмұнына сай алғашқы аптаға көрнекіліктерін дайындаған. Меңгеруші тарапынан топты әрі қарай дамыту, күн тәртібін қатаң сақтау, ұйымдастырылатын іс-әрекет мазмұнын жоғары дәрежеде өткізу.

Қаулы етті:

1. Балабақша қызметкерлерін жалпы нұсқаулықтарымен таныстырылсын.
2. Стандарт талаптарына орай топтарды жабдықтау жұмысын жақсарту.
3. Топтардың әдістемелік құралдармен жабдықтауды тәрбиешілерге жүктелсін.

Төрайымы:

Хатшы:



Handwritten signatures in blue ink.

Н.Акбердиева
С.Жадигерова

Өндірістік жиналыстың хаттамасы

№2

Өткізілген уақыты: 8 қазан 2018 ж.

Жиналысқа қатысқандар: адам

Тәрбиешілер, орыс

тілі мұғалімі,

шаруашылық меңгерушісі.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫНЫҢ ӨСУІ: ТАБЫС ПЕН ТҰРМЫС САПАСЫН АРТТЫРУ Жолдауын талқылау.

Балабақша меңгерушісі: Н.Акбердиева

Сөз сөйлегендер:

2. Балабақша меңгерушісі Н.Акбердиева:

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫНЫҢ ӨСУІ: ТАБЫС ПЕН ТҰРМЫС САПАСЫН АРТТЫРУ атты жолдауында Тәуелсіз еліміздің одан әрі дамыту жолында оң бағыт бойынша кешенді міндеттерді жүзеге асыруың қажеттігіне тоқталды Жолдауда елдегі саяси, экономикалық әрі әлеуметтік жағдай, халықтың әл – қуатының артуы, ел бюджетінің әлеуметтік бағыт- бағдары, саяси тұрақтылық жағдайларын талдап, болашаққа жол сілтеді.

Балабақша қызметкері ретінде балаларға тәрбие беру мәселесіне, соның ішінде ұлтжандылық, ұлтаралық келісім, заңды құрметтеу

мәселелеріне ерекше көңіл бөліп, осы бағыттағы қарқынды жұмысымызды одан әрі жетілдіру қажеттігін түсіндік.

Бір ғұлама: «Ұлт күшті болу үшін адамдар бірдей ойлап, бірдей түсініп, бірдей сезінуі қажет және ортақ құндылығы болуы тиіс» деген екен, ал біздің жоғары деңгейде дамып, өркендеуімізге қажетті алғы шарттар Елбасының осы жылғы Жолдауында толық көрініс тапқан. Елбасы барша халыққа айқын да нақты тапсырмалар жүктеді.

Еліміздің тәуелсіздігін нығайту жолында жасалып жатқан барлық шаралар мемлекеттің нығаюы, халықтың әл-ауқатының артуы үшін жасалуда.

Жаңа кезеңдегі әлеуметтік саясаттың маңызды құрамдас бөлігінің бірінде ана мен баланы қорғау жарияланған. Жолдаудың осы бөліміне тоқталу керек деген ойдамын. (тіркелді).

Еліміздің болашақта қандай болатыны балаларымыздың бойына өзіміз қандай тәрбиені сіңіретінімізге тікелей байланысты. ...

Елбасымыздың халыққа Жолдауын басшылыққа ала отырып, алға қойған мақсаттарымызға жету үшін еліміздің әрбір азаматы аянбай еңбек етуге тиіс деп есептеймін.

2. Балабақша тәрбиеші С.Жадигерова:

Жыл сайын Елбасы Жолдауында білім саласына ерекше маңыз береді. Биыл елдегі білім беру мекемелерінің алдыңғы қатарлы оқу орындарының қатарынан көрінуіне ерекше екпін берді. Бұл бағытта бірқатар кешенді шаралар жүзеге асырылуда.

Жолдауда ерекше маңыз берілген тағы бір мәселе – мұғалімдердің біліктілігін арттыру. Тәрбиешілердің кәсіби біліктілігін арттыру жұмыстарында технологиялар мен жаңа белсенді оқыту әдістерін қолдану тиімді нәтиже береді. Оларға: іскерлік ойындар, тақырыптық пікір сайыстар, педагогикалық жағдаяттарды талдау, диспуттар, тренинг-семинарлар, дәрістер, шығармашылық ойлауды қамтамасыз ететін этюдтер, шеберлік сынып. т.б. жатады. Кәсіби біліктілік ұғымынан педагог маманның мынадай қасиеттерін тануға болады: кәсіби әрекетті біршама жоғары деңгейде игеру, кәсіби серпіліс, келешектен өзінің кәсіби қозғалысын жобалау шеберлігі, кәсіби қарым-қатынас орнату мүмкіншілігі, өз еңбегінің нәтижесіне кәсіби жауапкершілік арту қабеті.

3. Тәрбиеші Ұ.Асилханова: Жылда Елбасы жолдауын асыға күтіп жүреміз, әр жолдаудың өз жаңалығы бар. Биылғысы да жаңалыққа толы болды. Меніңше, соның негізгісі - «Нұрлы жер» тұрғын үй бағдарламасы

іске асырыла бастайды. Ол аса маңызды міндетті орындауға – алдағы 15 жылда 1,5 миллион отбасын тұрғын үймен қамтамасыз етуге бағытталған.

Бағдарламада тұрғын үй нарығын дамытудың кешенді шаралары көрініс тапқан. Соның бірі – «Даму» акционерлік қоғамы арқылы мемлекеттің субсидия беруі есебінен құрылыс салушылар үшін банк несиесін арзандату. Тұрғындар үшін «Қазақстан ипотекалық компаниясы» акционерлік қоғамы арқылы банктер беретін ипотекалық несиені субсидиялау жүзеге асырылады. «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» салымшылары үшін әкімдіктердің несиелік тұрғын үй салуы жалғасады. Оған ілгеріде бөлінген қаржы «револьвер» қағидаты бойынша қайта пайдаланылатындығы бізді қуантады.

Өткен жылғы Жолдауында жыл сайын 6 миллион шаршы метр баспана тапсырылуы тиіс деп жүктеген еді. Ол орындалуда. Ендігі меже - жыл сайын жарты миллионнан астам отбасыны басыбайлы баспанамен қамтамасыз ету болса, онда біздің де жуырда баспанаға ие болуымыз мүмкін ғой. Біздің ұжымда 1 тәрбиеші баспана алды, әлі де ала алмай жүргендер бар, мен де отбасыммен бірге баспанасыз көп қиыншылық көріп жүрмін, енді таяуда маған да кезек келетін шығар деген ойдамын.

4. Кәсіподақ төрайымы А.Ораз: Елбасы өзінің халқына арнаған Жолдауында ең алдымен халықтың әлеуметтік жағдайын жаңа бір жоғары деңгейге көтеруді баса айтты. Бұл, ретте әсіресе еліміздің денсаулық сақтау саласына қатысты айтқан пікірлері маған ерекше әсер етті. Сондай – ақ қолжетімді және сапалы медициналық қызмет көрсету, саламатты өмір салтын алға жылжыту, елдегі дағдарыс жағдайына қарамастан, жаңа жұмыс орындарының да келешекте көптеп ашылатыны, әрине қуанышты. Жалпы Елбасының саясатын қуаттаймын. Индустриялық – инновациялық даму аясындағы жобалар да еліміздегі көптеген түйткілі мәселелердің шешілуіне мүмкіндік береді.

5. Медбике Г.Оразова: Елбасы әрбір қазақстандықтардың саламатты өмір салтын дағдыға айналдыру қажеттігін үнемі айтып отырады. Бұл жолы да ұмыт қалдырған жоқ. «Әрбір адам бүгінгі таңда науқастанудың тиімсіз екендігін түсінуі қажет», - деді. Жолдаудың мына бір бөлімін оқып бергім келеді: «Ұлт денсаулығы - біздің табысты болашағымыздың негізі». (тіркелді). Балабақшада биылғы оқу жылында балалар ауруларының азайғанын байқауға болады. Ал аурудың алдын алып, науқастардың санын азайтудың ең тиімді жолы – халыққа саламатты өмір салтын насихаттау, өз денсаулығына өзі жауапты екендігін сезіндіру. Сол

себепте, балабақша қызметкерлеріне ата – аналарға саламатты өмір салтын насихаттау барысында көп жұмыс жүргізу керек.

Жиналыстың шешімі:

3. Жыл сайын педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарына уақытымен жіберіп отыру.

Мерзімі: (үздіксіз, жыл бойы).

Жауаптылар: Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер.

4. Профилактикалық медицина аурудың алдын-алудағы басты құрал – деп есептеп, балалардың денсаулығын нығайту.
Балабақша қызметкерлеріне, ата – аналарға саламатты өмір салтын насихаттауды жалғастыру.

Мерзімі: (үздіксіз, жыл бойы).

Жауаптылар: Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер мен медбике және мамандар, ата-аналар.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



Н.Акбердиева

С.Жадигерова

**«Саяжан» балабақшасы
мелекетік коммуналдық
қазыналық кәсіпорнында
өндірістік жиналыс өтті**

ХАТТАМАСЫ №3

Қожатоғай ауылы

10.12.2018 жыл.

Күн тәртібіндегі мәселе:

**Ортаңғы топ білім салаларын жоспарлауды сараптау
ұйымдастырылған іс-әрекет жоспарын талқылау.**

**Сәбилер тобындағы ата-аналарға арналған ашық есік
күнін өткізудің нәтижесі.**

Жаңа жылдық мерекелердің ценарин бекіту.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша, жиналыс төрағасы Акбердиева Нұрсұлу Ортаңғы топ білім салаларын жоспарлауды сараптау ұйымдастырылған іс-әрекет жоспарын талқылау жасап,

Сәбилер тобындағы ата-аналарға арналған ашық есік күнін өткізудің нәтижесіне оң баға берді.

Екінші мәселе бойынша әдіскер З.Мырзаева Жаңа жылдық мерекелердің ценарилерімен таныстырып өтті.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Ортаңғы топ білім салаларының жоспарын тексеру әдіскер З.Мырзаеваға жүктелсін.
2. Жаңа жылдың ценарилерін бекіту меңгеруші Н.Акбердиеваға жүктелсін.

Жиналыс төрағасы:
Хатшы:



Н.Акбердиева
З.Мырзаева

**«Саяжан»бөбекжай- балабақшасы
мелекетік коммуналдық
қазыналық кәсіпорнында
өндірістік жиналыс өтті**

ХАТТАМАСЫ №1

Қожатоғай ауылы

02.09.2019 жыл.

Күн тәртібіндегі мәселе:

Технологиялық карта және циклограмма жоспарлау.

Топтарды қажетті көрнекіліктермен жабдықтау.

**Тәрбиешілердің ұйымдастырылған іс-әрекет жоспарын
тексеру**

Кесте бойынша ертеңгіліктерге қатысуды ұйымдастыру.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша, жиналыс төрағасы Н.Акбердиева тәрбиешілердің технологиялық карталарымен циклограммаларына шолу жасап, сипаттама беріп өтті.Ондағы атқарылып жатқан іс-әрекеттерге оң баға беріп өтті.

Екінші мәселе бойынша әдісер Мырзаева Зухра топтарды көрнекі құралдармен жабдықтауды тәрбиешілерге тапсырды.Тәрбиешілердің ұйымдастырылған іс-әрекет жоспарын қатағаттанарлықтай екенін айтып кетті.Кесте бойынша ертеңгіліктерге қатысуды ұйымдастырды.

Жиналыс қаулы етеді:

- 1.Топтарды қажетті көрнекіліктермен жабдықтауды әдіскер
- 3.Мырзаеваға жүктелсін.
2. Тәрбиешілердің ұйымдастырылған іс-әрекет жоспарын тексеру, кесте бойынша ертеңгіліктерге қатысуды ұйымдастыру әдіскер
- 3.Мырзаеваға жүктелсін.

**Жиналыс төрағасы:
Хатшы.**



**Н.Акбердиева
З.Мырзаева**

**«Саяжан»бөбекжай- балабақшасы
мелекетік коммуналдық
қазыналық кәсіпорнында
өндірістік жиналыс өтті**

ХАТТАМАСЫ №2

Қожатоғай ауылы

12.12. 2020 жыл.

Күн тәртібіндегі мәселе:

**Ортаңғы топ білім салаларын жоспарлауды сараптау
ұйымдастырылған іс-әрекет жоспарын талқылау.**

**Сәбилер тобындағы ата-аналарға арналған ашық есік
күнін өткізудің нәтижесі.**

Жаңа жылдық мерекелердің ценарин бекіту.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша, жиналыс төрағасы Н.Акбердиева Ортаңғы топ білім салаларын жоспарлауды сараптау ұйымдастырылған іс-әрекет жоспарын талқылау жасап,

Сәбилер тобындағы ата-аналарға арналған ашық есік күнін өткізудің нәтижесіне оң баға берді.

Екінші мәселе бойынша әдіскер З.Мырзаева Жаңа жылдық мерекелердің ценарилерімен таныстырып өтті.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Ортаңғы топ білім салаларының жоспарын тексеру әдіскер З.Мырзаеваға жүктелсін.

2. Жаңа жылдың ценарилерін бекіту меңгеруші Н.Акбердиеваға жүктелсін.

Жиналыс төрағасы:
Хатшы:



Н.Акбердиева
З.Мырзаева

**« Саяжан» бөбекжай-балабақшасы
мелекетік коммуналдық
қазыналық кәсіпорнында
өндірістік жиналыс өтті**

ХАТТАМАСЫ №3

Қожатоғай ауылы

20.01. 2020 жыл.

Күн тәртібіндегі мәселе:

**Топтардың ұлттың бұрыш конкурсын қорытындылау.
жаңа жылдың ертеңгіліктерін талқылау қорытындылау.
қолдың майда моторикасы бойынша ұйымдастырылған іс-
әрекет конспектісін тексеру.**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша, жиналыс төрағасы Н.Акбердиева топтардың ұлттың бұрыш конкурсын қорытындылды, жаңа жылдың ертеңгіліктерін талқылап қорытындылау барысында оң баға берді.

Екінші мәселе бойынша әдісер Мырзаева Зухра қолдың майда моторикасы бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет конспектісін тексерді

Жиналыс қаулы етеді:

1. Топтардың ұлттың бұрышын одан жандандыру әдіскер 3.Мырзаеваға жүктелсін.
2. Қолдың майда моторикасы дамыту тәрбиешілерге жүктелсін.

**Жиналыс төрағасы.
Хатшы:**



**Н.Акбердиева
З.Мырзаева**

№ 1-хаттамасы

20.08.2020ж.

Жиналыс төрайымы: Н.Акбердиева

Қатысқан қызметкерлер саны: 20

Күн тәртібі:

1. Жылдық жоспарды бекіту.
2. Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу.

Тыңдалды:

1. Балабақша қызметкерлерін балабақшаның жылдық жоспарымен таныстыру және жалпы нұсқаулықтармен таныстыруға балабақша меңгерушісі Н.Акбердиева сөз алды. Біздің басты міндетіміз, бұл - баланың қауіпсіздігі, денсаулығы, біліміне жауаптымыз.

Бұл – мемлекеттік мекеме. Мемлекеттік мекемеде жұмыс істегеннен соң ішкі тәртіпке бағынып, нұсқаулықтарда көрсетілген міндеттерді өз деңгейінде орындап, жұмысқа уақтылы келіп, нәтижеге бағытталған жұмыс болу керектігін айтты.

2. Балабақшаның кәсіподақ төрағасы Т.Исламбекова меңгерушінің сөзін мақұлдап, әр қызметкердің еңбекті қорғау нұсқаулықтары мен лауазымдық міндеттері және ішкі тәртіп ережесімен таныстырып өтті. Балабақшада қандай да жағдай болмасын, қызметкерлердің отбасылық жағдайы, денсаулық жағдайларына байланысты қиындық туса балабақша меңгерушісіне хабарлап тұру керектігін айтты.

Қаулы етті:

1. Балабақшаның жылдық жоспары бекітілсін.
2. Балабақша қызметкерлерін жалпы нұсқаулықтарымен таныстырылсын.

Меңгеруші:
Хатшы:



Н.Акбердиева
С.Жадигерова

Н.Акбердиева
С.Жадигерова

№1 хаттама

«Саяжан» бөбекжай- балабақшасының өндірістік жиналысы 27тамыз 2021жыл

Қатысушылар: 10

Меңгеруші -1

Әдіскер-1

Тәрбиешілер-4

Педагогтар -1

Медбике-1

Тәрбиешінің көмекшісі –2

Күн тәртібінде:

1. «Жазғы сауықтыру шараларының қортындылар»,

2.2021-2022оқу жылын бекіту.

3. Жұмыс уақытындағы инструктаж

Күн тәртібіндегі бірінші қаралған мәселе;

1.Нормативтік құжаттар ,топтардың іс –қағаздарының және оқу жылына дайындығын тексеру. (Қорытынды)

2.Топтардағы санитарлық-эпидемиологиялық нормалардың орындалуы (Мәлімдеме)

Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Исламбекова Тәттіқыз сөз сөйледі. «Саяжан» бөбекжай-балабақшасында 2топ бар. Жалпы 50 бүлдіршін тәрбиеленуде.

Бақшасында білім беру процесі **"Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік сәйкес ұйымдастырылып орындалып келеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартында мектеп жасына дейінгі балалардың дайындық деңгейіне, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптар айқындалған.Тәрбиешілерге бекітілген нормативтік

құжаттартізімі көрсетіліп, топ құжаттарының мемлекеттік стандартқа сай екендігі айқындалды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартында мектеп жасына дейінгі балалардың дайындық деңгейіне, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптар айқындалған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны:

- өтпелі тақырыптар негізінде құрастырылған перспективалық жоспар;
- апталық циклограмма;
- балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау үшін индикаторлар жүйесін енгізу арқылы іске асырылды.

Екінші мәселе бойынша медбике Сәрсенбаева А. сөз алды : Мектепке дейінгі ұйымдардың құрылымына, оларды пайдалану барысында қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар туралы санитарлық ережелер және нормалар (бұдан әрі - санитарлық ережелер) мектеп жасына дейінгі балалар ұйымдарындағы орналастыру жағдайына, жер учаскесіне, ғимаратқа, үй-жайларды жабдықтауға, тамақтандыруды ұйымдастыруға, ауа арқылы жылыту режиміне, табиғи және жасанды жарықтандыруға, су және канализация жүйесімен қамтуға, медициналық қызмет көрсету және тазалық тәртібіне үйретуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптардан тұратындығын айтап өтті. Топтардағы санитарлық – эпидемиологиялық нормалар туралы топтардың тәрбиешілерімен көмекшілеріне нұсқаулықтар берілді және түсіндірілді. Бөлмелерді желдету, кварцтау кестелері ілінді. Қысқы от жағу мезгілінде бөлме температурасын қалыпты ұстау өз бақылауыма алдым.

Тамыз 2021 жылы өткізілген өндірістік жиналыстың шешімі:

1. Жаңа оқу жылының жоспарын орындау
2. топтардағы санитарлық құжаттардың орындалуы қадағалансын.



Балабақша меңгерушісі:

Балабақина әдіскері:

Handwritten signature of N. Akberdieva

Н.Акбердиева

Т.Исламбекова

№2 хаттама

«Саяжан» бөбекжай- балабақшасының өндірістік жиналысы

Қатысушылар: 10

Менгеруші -1

Әдіскер-1

Тәрбиешілер-4

Педагогтар -1

Медбике-1

Тәрбиешінің көмекшісі –2

Күн тәртібінде:

- 1.Ішкі еңбек ережелерінің сақталуы
- 2.Балабақшада өрт қауіпсізді ережелерінің сақталуы(Мәлімдеме)
3. Балабақшаның қыс мезгіліне дайындығын және жарық беру мен жылу беру талабының орындалуына есеп беру.
- 4.Балабақшаның санитарлық дағдай

Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Т.Исламбекова сөз сөйледі. Әдіскер **ең алдымен ішкі тәртіп мақсат міндетімен таныстырып өтті.** Осы ішкі тәртіптің сипаты заңнамалармен, еңбек шарттары туралы ережелермен және оның төлемақысымен, мекеме Қызметкерлеріне әлеуметтік қызмет көрсетумен, Жұмыс берушінің кепілдіктері және жеңілдіктерімен салыстырғанда қосымша басымдылық болып табылады.Ішкі еңбекте сонымен қатар қызметкерлердің құқығы жайлы,жұмыс уақыты, еңбек тәртібі , демалыс уақыттар жайлы айтылды, және бұл ережелердің орындалып жүргендігін айтты. Кіші қызмет көрсетуші персонал жыл бойы тұрақты жұмыс істеді, ішкі еңбек ереже тәртібінің, лауазымдық нұсқаулықтар бұзушылықтары байқалмады.

Екінші мәселе бойынша менгеруші Н.Акбердиева сөз сөйледі: Отпен мұқият болыңыздар. Отпен мұқият болмағандықтан өрт жағдайларының кең тараған уақиғаларына балалардың назарын аударыңыз; баланың отпен сотқарлығы; сөндірілмеген көмірлер; сөндірілмеген темекі қалдықтары, сіріңкелер; саяжай мен орман жиегіндегі жер иелерінің қоқысты жағулары; шөптерді өртеу; қысқа мерзімге тұйықталу; электротехникалық құрылғыларды, тұрмыстық құралдарды,

пештерді пайдалану.. Балалар табиғаттан бейқам және сенгіш екенін есте сақтаңыз. Балаларда алаңдасарлық болатына назар аударыңыз. Сондықтан, өзін ұстаудың оңай ережелерін балалардың есіне жиі салуыңыз, олардың есте сақтап және оны қолдануына мүмкіндік береді. Сіз оны үнемі естеріне салып отыруға міндеттісіз дей келе, өрт қауіпсіздігі шараларының орындалуы жайлы айтып өтті. Және өрт қауіпсіздігіне байланысты іс –шаралардың орындалуы, эвакуацилау жайлы біраз мағлұматтар айтып өтті.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші с.Жадигерова сөз сөйледі: Өткен жылда ғимараттың және аумақтың (жартылай) ағымды жөндеу жұмыстары өткізілді. Сатып алынды: топтарға және ас қоймасына арналған ыдыс-аяқтар, электронды таразылар, кеңсе заттары, жуу құралдары; ас қоймасындағы электр жабдықтарының, кір жуу машиналарын ағымды жөндеу жұмыстары өткізілді. Мектепке дейінгі мекемелердің барлық негізгі бөлмелерінде *табиғи жарық орнатылған*, оның ішінде, ұзақтығы жеткілікті *инсоляциясы* бар. Мектепке дейінгі балалар мекемелеріндегі балалардың үнемі болатын бөлмелерінің: топтық, музыкалық және гимнастика залдарының терезелерін оңтүстікке бағыттау ең қолайлы болып табылады, себебі ол күзгі және көктемгі кезеңдерде ұзақ инсоляцияны қамтамасыз етеді және тым қызып кетуінің алдын алады. Дегенмен, топтық бөлмелер үшін 85-градустан 275 градусқа дейінгі азимутта, залдар үшін кез келген бағытталуы рұқсат етілген. Ұйықтайтын бөлмелер мен медициналық пункттерде шығысқа бағытталуы оңтайлы болып саналады, бірақ, кез келген басқа бағытталуы да рұқсат етіледі. Табиғи жарық міндетті түрде сол жағынан түсуі кезінде, үш орынды үстелдерді 3 қатардан артық емес етіп, ал төрт орынды үстелдерді 2 қатар етіп, орналастырылған. Бұл кезде бірінші үстелдерден тақтаға дейінгі ара қашықтығы 2,5-3 м , тақтаның іліну биіктігі 07-0,8 м, үстелдерден жарық келетін қабырғаға дейінгі ара қашықтығы – 1м ді құрайды.Қысқа дайындық есебінде жылу құрылғыларының суы жаңартылып, құрылғылар іске қосуға дайын екендігін айтты. **Төртінші мәселе бойынша медбике А.Сарсенбаева сөз сөйледі** Біздің балабақшада 2 топ орналасқан. Әр топтың өз көмекші тәрбиешілері бар. Топтардағы тазалық жұмыстары :

1. Ылғалды жинау.
2. Түбегейлі жинау. (генеральная уборка) бөлып бөлінеді.

Ылғалды жинау күнде жүргізіледі.Терезелер алды, жылыту құрылғылары, есіктер тұтқасымен, ойын бөлмесіндегі ойыншық шкафтары, тамақ үстелдері, орындықтары, едендер 2 мезгіл жуылады. Төсек кравоттары орнынан қозғалта отырып жуылады. Қабылдау бөлмесінде киім шкафтары үсті мен іші күнде сүртіледі. Асхана буфеттеріндегі шкафтар, жардағы кафельдер, унитаздар

Ойыншықтарды тәрбиешілер бала қабылдамай тұрып және кешкісін бала тараған соң, 2 пайыздық сабынды содалы суда жуып, ағынды суда шаяды.

Шешім: 1. Ішкі тәртіп ережелері қатаң түрде сақталсын

3. Балабақшаның санитарлық жағдайы сақталсын.

Балабақша әдіскері:



Т.Исламбекова

№3 хаттама

«Саяжан» бөбекжай -балабақшасының өндірістік жиналысы

Қатысушылар: 10

Менгеруші -1

Әдіскер-1

Тәрбиешілер-4

Педагогтар -1

Медбике-1

Тәрбиешінің көмекшісі –2

Күн тәртібінде:

1. Ойын алаңына техника қауіпсіздігі нұсқаулығының сақталуы
2. Қызметкерлердің санитарлық талаптан өту жағдайы
3. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау, бекіту

1Балабақша әдіскері Т.Исламбекова алалар ойын алаңдарына арналған жабдықтар қауіпсіздігі туралы" Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті (ЕАЭО ТР 042/2017) Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2017 жылғы 17 мамырдағы №21 шешімімен қабылданды және оны қабылдаған күннен бастап 18 ай өткеннен кейін күшіне енгендігін айтты. Ойын алаңының қауіпсіз конструкциясы мен жабдық дизайны осы жабдықты жобалаушылар, өндірушілер, жеткізушілердің, ойын алаңдарының құрылысы, оларды ұстау және пайдалану үшін жауапты ұйымдар мен тұлғалардың; нормативтік құжаттаманы әзірлеумен айналысатын ұйымдар, мемлекеттік, өңірлік және жергілікті биліктің бақылаушы органдарының басты назарында болуы тиіс; әдіскер арнайы нұсқаулық бойынша жұмыс жасап жатқандығы туралы айтты Бұл стандарттарда балалар алаңдарындағы жарақаттану себептері ескерілген және негізгі қауіпсіздік талаптары әзірленген:

Жабдық баланы ойынға тарту мүмкіндігі көрініп тұратындай болып жобаланған болуы тиіс. Жабдықтың өлшемдері мен қиындық дәрежесі болжамды балалар тобы үшін жарауы тиіс. Жабдықтың бірыңғай тұрақтылығы келесі әдістердің бірімен тексерілуі тиіс: есептеу, физикалық тестілеу немесе екеуін араластыру.

2Балабақша медбикесі А.Сарсенбаева қызметкерлердің санитарлық

3.Балабақша әдіскері А.Сарсенбаева Жазғы сауықтыру шараларының жоспары жасалғандығын айтты.. Ең алдымен ата-аналарға жазғы демалыс

Шешім: Ойын алаңындағы қауіпсіздік шараларын қатаң түрде сақталсын.



Н.Акбердиева

Т.Исламбекова